КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 8 қараша №4360-24-00-2/2726 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі,спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Сарбиева» атауымен әрекет етуші Сарбиева Индира Сембаевна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:
Талап қоюшы «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі,спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Сарбиева» атауымен әрекет етуші Сарбиева Индира Сембаевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Сарбиева» атауымен әрекет етуші Сарбиева Индира Сембаевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Сарбиева» атауымен әрекет етуші Сарбиева Индира Сембаевна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 6 024 (алты мың жиырма төрт) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 2 026 (екі мың жиырма алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бержанов К. М., 19.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бержанов К. М., 19.12.2024

4360-24-3-1/2883